

**Тақырып 3. Қазақстан  
Республикасында  
сыртқыэкономикалық іс-  
әрекетті ұйымдастыру**



## **Дәріс жоспары (1 сағат)**

**1.СЭІ мемлекеттік басқару құрылымы.**

**2.СЭІ мемлекеттік басқару органдары.**



- Экспортқа бағытталған кәсіпорындардың СЭҚ-тегі барлық негізгі элементтерін 3 топқа бөліп қарастыруға болады:
- 1. өндірістік-шаруашылық.
- 2. ұйымдастыру-экономикалық.
- 3. ағымдағы коммерциялық.

## **1 мыналар кіреді:**

- экспорттық өнім бойынша ізденіс, зерттеу жүргізу;
- экспорттық өнімнің бәсекелік қабілетін бағалау;
- экспорттық өндіріске қажетті техникалық-экономикалық параметрлерді және қойылатын талаптарды қамтамасыз ету;
- ішкі өндірістік ресурстарды жобалау;
- материалдық ресурстар көздерін анықтау;
- экспорттық өнімді өндіру.

## 2 мыналар кіреді:

-сыртқы нарықтарды маркетингалық тұрғыдан зерттеу;

-экспорттық нарықтың конъюктурасына талдау жасау;

-шетелдік әріптестер іздеу;

-шетелдік әріптестердің нарықтарындағы жұмыс жағдайын зерттеу;



- -сыртқы нарықтағы жұмыстың нысандары мен әдіс-амалын таңдау;
- -сыртқы нарыққа шығуды қамтамасыз ету;
- -сыртқы сауда жарнамаларын ұйымдастыру;
- -сыртқы сауда операцияларын жоспарлау;
- -делдалдарды қызметке кірістіру.



### **3 мыналар кіреді:**

- мәмілелердің түрін таңдау (тауар, жұмыстар, қызмет көрсету);
- мәмілелердің типін таңдау (сату-сатып алу, арендалық, өтемдік);
- сыртқы сауда операцияларын дайындау;
- контрактының шарты жағдайларын анықтау.

**MADE IN  
KAZAKHSTAN**

# **Жалпы СЭҚ қатысушы субъектілерді мына түрде жіктеуге болады:**

- 1.СЭҚ-тің бейіні (профилі) бойынша.
- 2.Сыртқы сауда операцияларының сипаттары бойынша.
- 3.Ұйымдастыру-құқықтық нысандары бойынша.



СЭҚ-тің бейіні бойынша қатысушыларды мына топтарға бөліп қарастыруға болады:

- 1.Өндірушілер-экспорттаушылар (??????).**
- 2.Делдалдық ұйымдар.** Оларға: ҚР-сы СЭҚ-ті басқару, реттеуге байланысты қызмет атқаратын министрліктердің сыртқы экономикалық ұйымдары; салалық сыртқы экономикалық ұйымдар; аралас қоғамдастықтар және сауда үйлері.
- 3.Демеуші ұйымдар (??????).**

Сыртқы сауда операцияларының сипаттары бойынша СЭҚ-ке қатысушыларды мына топтарға бөлуге болады:

1.Экспорттаушылар

2.Импорттаушылар

3.мамандандырылған делдалдар (кедендік брокерлер, комиссионерлер, агенттер).

**Ұйымдастыру** – құқықтық нысандары бойынша СЭҚ-ке қатысушыларды мына топтарға бөлуге болады:

## **1.Коммерциялық ұйымдар.**

(жауапкершілігі шектеулі қоғамдастықтар, акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, мемлекеттік біртұтас кәсіпорындар).

**2. Коммерциялық емес ұйымдар** (қоғамдық ұйымдар, тұтыну кооперативтері, бірлестіктер (ассоциациялар, одақтар)).

**•2.СЭІ мемлекеттік  
басқару органдары.**

# ҚР қаржы министрлігі



Орталық атқарушы органы болып табылады. Ол заңнамамен қарастырылған деңгейде басқаруды жүзеге асырып, өз өкілеттігіндегі іс-әрекет саласының салааралық координациясын қадағалайды.

- **Министрлік және оның бөлімшелері өз өкілеттігі шеңберінде төмендегілерді қамтамасыз етеді:**

- Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін;
- Шаруашылық іс-әрекетті кеденді реттеуді;
- Кеден ісі бойынша заңдылықтарды сақтау;
- Республиканың кедендік саясатын жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық механизмі;

-кедендік баждар мен салықтар алу;

-шекара бойынша тауарлар мен көлік құралдарын өткізу барысында кедендік тәртіпті жүзеге асыру;

-Қазақстанның сыртқыэкономикалық байланыстарының дамуына жәрдемдесу, валюталық бақылау;

-контрабандамен күрес.



# Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі



Орталық атқарушы орган, оның миссиясы - Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтарын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін мемлекеттік жоспарлау жүйесін құру және дамыту болып табылады.

# Оның негізгі мәселелері:

-сыртқыэкономикалық байланыстарды, шет елдермен қызметтестікті ұйымдастыру, өнімнің экспорты мен импортын дамыту, конъюнктуралық әлемдік нарықты тадау және өнеркәсіп саласындағы оның дамуын болжамдау;

-халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізуге қатысу;

-бекітілген тәртіпте өнеркәсіпке шетелдік несиелер мен инвестицияларды тарту, сондай-ақ пайдалану бойынша ұсыныстарды енгізу;

-шет елдермен өнеркәсіп саласында байланыстарды орнату;

-сауда-экономикалық қызметтестік саласында халықаралық келісім-шарт жобаларын дайындауға қатысу және т.б

# ҚР шетел істері Министрлігі



Сыртқы саяси іс-әрекетті жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарының бірегей жүйесін басқаратын орталық атқарушы орган болып табылады.

# Оның негізгі мәселелері:

-ҚР сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын өңдеу, Президент пен ҚР Үкіметіне сәйкес ұсыныстар ұсыну;

-ҚР сыртқы саяси курсына жүзеге асыру, сыртқыэкономикалық саясаттың жүзеге асырылуына және ҚР халықаралық мәртебесінің нығаюына жәрдемдесу;

-ҚР құқықтары мен мүдделерін, оның азаматтарының және шет елдердегі заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

-дипломатиялық құралдармен және әдістермен ҚР халықаралық әлемді, глобальды және регионалды қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ынтасын жүзеге асыру және т.б.

# ҚР индустрия және сауда-саттық Министрлігі



## Оның негізгі мәселелері:

-шағын бизнесті, инвестициялар мен инновациялық іс-әрекет субъектілерін мемлекеттік қолдау;

-индустрия, оның ішінде, тау-кен металлургиялық, химиялық, өнеркәсіптің өңдеуші салалары, сауда-саттық, архитектура мен құрылыс, инвестициялық және инновациялық іс-әрекет саласында мемлекеттік саясатты өңдеу және жүзеге асыру;

-сауда іс-әрекетін мемлекеттік реттеу саласында басымдылықтарды өңдеу және т. б.



# Ұлттық банк



- СЭІ-н реттеуде маңызды рольге ие. Ол банкаралық келісімдерге отырады, өзге мемлекеттердің ұлттық немесе орталық банктерімен байланыс жасауда мемлекет мүддесін қолдайды

## ҰБ негізгі қызметтері:



- валюталық операциялардың барлық түрлерін жүзеге асыру,
- елде шетел валюталары мен құнды қағаздардың айналыс жүйесін өңдеу, нормативтік актілерді шығару,
- өзге елдер валюталарына қатысты теңге курсы реттеу,
- валюталық операцияларды жүзеге асыру үшін екінші деңгейлі банктерге лицензия беру.

## **Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:**

1. Шетелде сауда аппаратын ұйымдастыру.
2. Сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік басқару органдарының жүйесі.